



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№1 (108)

Астана
2025

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

ИБРАЕВА
Ақмарал Ғосманқызы

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ
Жәкен Қожахметұлы

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашұлы

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЙМҰХАМБЕТ
Жанат Әскербекқызы

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ
Ұлан Үмітқалиұлы

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ЖАБАҒИН
Мақсат

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

СЫДЫҚОВ
Айбек Жексеналыұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

БИҒОЖИН
Ұлан Зейноллаұлы

– PhD докторы (Қазақстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD докторы (Қазақстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD докторы (Қазақстан)

ҚАРА
Әбдуақап

– доктор, профессор (Түркия)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (АҚШ)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

РАДИВОЖЕВИЧ
Мильяна

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ
Берік

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА
Акмарал Госмановна

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ
Жакен Кожаметович

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ
Зайнолла Самашевич

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЙМУХАМБЕТ
Жанат Аскербековна

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ
Улан Умиткалиевич

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

МЕРЦ
Виктор Карлович

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ЖАБАГИН
Максат

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

СЫДЫКОВ
Айбек Жексеналыевич

– PhD доктор (Казахстан)

БИГОЖИН
Улан Зейноллаулы

– PhD доктор (Казахстан)

САБИТОВ
Жаксылык

– PhD доктор (Казахстан)

ДЮПЮЙ
Пауло

– PhD доктор (Казахстан)

КАРА
Абдуакап

– Доктор, профессор (Турция)

ШАМИЛЬОГЛУ
Юлай

– PhD, профессор (США)

АЙТПАЕВА
Гулнара Амановна

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

Радивожевич Мильяна

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

<i>Базылхан Н.</i> Түрік дәуірінің ғұрыптық кешендері мен бедіз-тас мүсіндері: этномәдени сипаттамасы <i>Bazyilkhan N.</i> Memorial Complexes and Stone Sculptures-Bediz: Ethnocultural Characteristics of the Turkic Period <i>Базылхан Н.</i> Поминальные комплексы и каменные изваяния-бедиз: этнокультурная характеристика тюркского периода.....	6
---	---

Этнология / Ethnology /Этнология

<i>Абдукамалова Э.С.</i> Қазақтардың темір ұсталығына қатысты сакралды ұғымдағы тілдік бірліктердің этномәдени семантикасы <i>Abdukamalova E.S.</i> Ethnocultural Semantics of Linguistic Units of Sacred Significance Associated with Blacksmithing among Kazakhs <i>Абдукамалова Э.С.</i> Этнокультурная семантика языковых единиц сакрального значения, связанных с кузнечным ремеслом у казахов.....	30
<i>Алиев А., Аманова Б.</i> Қарабах халқының рухани мәдениеті (халық ауыз әдебиетін этнографиялық тұрғыдан зерттеу) <i>Алиев А., Аманова Б.</i> Духовная культура Карабахского народа (Этнографическое исследование народной устной литературы) <i>Aliyev A., Amanova B.</i> From the Spiritual Culture of the Population of Karabakh (Ethnographic Study of Folk Tales).....	50
<i>Мамедова И. Г.</i> Әзірбайжанның су жүргізу жүйесіндегі кәріздер <i>Matmadova I. G.</i> The Role of Qanat in the Water Supply Sistem of Azerbaijan <i>Мамедова И. Г.</i> Кяхризы в системе водоснабжения Азербайджана.....	60
<i>Алиев А.</i> Караязы облысының рухани мәдениеті (Тахла Чуқай халқының материалдары негізінде) <i>Aliyev A.</i> From the spiritual culture of the Karayazi region (based on the materials of the population of Tahla Chukay) <i>Алиев А.</i> Из духовной культуры региона Караязи (на основе материалов населения Тахла Чукай).....	73

Тарих/ History / История

<i>Серікбаева С.А., Шаметов С.Т.</i> Қазақ хандығы жауынгерлерінің әскери өнері <i>Serikbayeva S.A., Shametov S.T.</i> Military Art of the Warriors of the Kazakh Khanate <i>Серикбаева С.А., Шаметов С. Т.</i> Военное искусство воинов казахского ханства.....	88
<i>Ақтайлақ Б.Б.</i> Қазақстан тарихнамасындағы ақпараттық текетірес: цензура жағдайында баламаларды іздеу <i>Aktailak B.B.</i> Information confrontation in the historiography of Kazakhstan: search for aternatives under conditions of censorship <i>Ақтайлақ Б.Б.</i> Информационное противостояние в историографии Казахстана: поиск альтернатив в условиях цензуры.....	100

Ғылым жаңалығы / Science news / Новости науки

<i>Абдукамалова Э. С.</i> Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С. «XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі» монографиясына, Ибраева А.Ф., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С., Темірханова А. «Қазақстанның солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысы мұрағат деректерінде» мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағына шолу.....	115
--	-----

FTAMP 16.21.51

Абдукамалова Э. С.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

Астана, Қазақстан


e-mail: Abdukamalovae@mail.ru

**Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З., Тайшыбай З.С.
«XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН: АЛАШ
ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ»
монографиясына,
Ибраева А.Ғ., Мәлікова С.З.,
Тайшыбай З.С., Темірханова А.
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТҮСТІК ӨҢІРІНДЕГІ АЛАШ
ҚОЗҒАЛЫСЫ МҰРАҒАТ ДЕРЕКТЕРІНДЕ»
мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағына
шолу**

«XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі» атты монографиялық еңбекте Қазақстан тарихындағы Алаш қозғалысының тарихи маңыздылығы, Алаш саяси партиясының және Алашорда үкіметінің Солтүстік Қазақстандағы қоғамдық-саяси қызметі, рухани мұрасы жайында құнды мәліметтер берілген. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі Алаш қозғалысының қайраткерлері, олардың қозғалысқа қатысуынан бастап, күрескерлік деңгейге көтерілуі нақты деректік материалдармен, мысалдармен пайымдалған. Сондай-ақ, кітапта Алаш қайраткерлерінің қызметі, олардың қилы тағдыры, қуғын-сүргінге ұшыраған кездегі тергеу істері және сол кезеңдегі саяси мәселелер жайында мол ақпарат қамтылған.

Монографиялық еңбектің «Теориялық-методологиялық негіздері» тарауы «Алаш қозғалысының Қазақстан тарихындағы маңыздылығы», «Мәселенің

тарихнамасы және деректер», «Алаш қозғалысының тарихи концепті және оның ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуына ықпалы», «Солтүстік



Қазақстан өңіріндегі Алаш қозғалысын кезеңдеу мәселелері» бөлімдерінен, «ХХ ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан және Алаш» тарауы «Өңірдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық ахуал», «Петиция жөніндегі түсінік, петиция жолдау тарихынан», «Алаш қозғалысының Қазақстанның солтүстік өңіріндегі көріністері», «Мерзімді басылымдар мен ұйымдар» бөлімдерінен, «Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы» тарауында «1916 жылғы оқиғалар және Ақпан төңкерісі», «Қазақ съездері», «Алашордашылар жалпы Сібір съезінде», «Солтүстік Қазақстандағы «Аққұсақ» жиылысы», «Алаш қайраткерлерінің Кеңес өкіметіндегі қызметі», «Алаш қайраткерлерінің рухани мұрасы», «Қазақстанның солтүстігіндегі Алашордашылар қазақ жастарының «Жас Азамат» газеті» бөлімдерінен және «Алаш, Солтүстік Қазақстан өңірі ұлт-азаттық қозғалысының өкілдері» тарауынан, пайдаланылған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады.

Қазіргі таңда қоғамдық сананы жаңғыртудың ерекшелігі өткен әкімшілік-командалық жүйеден қалған стереотиптерден арылу, жаңа адамгершілік пен құқықтық сананы қалыптастыру арқылы әділ демократиялық қадам жасау сияқты істерді жүзеге асырудан көрінеді. Ғылыми-сараптамалық қауымдастықта шешімін табуы қажет мәселе – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылдың 24 қарашасындағы «ХХ ғасырдың 20-50 жылдар аралығындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы аясында қыруар шаруаны атқарып, нәтижесін беру еді. Осыған орай, зерттеуші ғалымдарға

көптеген архив қорларының есігі ашылып, бұрын беймәлім болған жабық қорлардың деректерімен танысуға мүмкіндік туды.

Монографияда Солтүстік Қазақстан өңірінде қызмет еткен ХХ ғасырдың басындағы көкірегі ояу Алаш арыстарының бірегейлері Мағжан Жұмабаев, Айдархан Тұрлыбаев, Ережеп Итбаев, Жұмағали Тілеулин, Салмақбай Күсемісов, Хайретдин Болғанбаев, Әбдірахман Байділдин, Таутан Арыстанбеков, Смағұл Сәдуақасов, Абдолла Байтасов, Бірмұхамет Айбасов, Ахмет Баржақсин, Мұхтар Саматов, ағайынды Мұсылманбек және Мұратбек Сейітов сияқты тұлғалардың өмірі мен қызметі, олардың құнды мұралары жан-жақты қарастырылған.

Еліміздің тәуелсіздігі мен ұлтының жарқын болашағы үшін аянбай күрескен арыстар сол кезеңде барлық мәселеде белсенділік танытқандығы байқалады. Атап айтқанда, Қазақстанда құқықтық мемлекет құрылымын қалыптастыру, оны ұлттық мақсат пен мүддеге сәйкес үйлестіру, елде қазақ ұлтының жетекшілік позициясын айқындап беру, ұлттардың тиянақты қарым-қатынасын қалыптастыру, Қазақстан құрамына түрлі әкімшілік жүйеге бағындырылған қазақ жерлерін біріктіру, елдегі экономикалық игіліктерге ие болу, халықтың әлеуметтік тұрғыдан берік қорғалуын қамтамасыз ету және рухани сұраныстарын ұлттық менталитетке сәйкес өтеу бағыттарында белсенді қызмет атқарған Алаш қайраткерлерінің солтүстік өңірдегі қызметі ғылыми тұрғыда нақты деректермен негізделген. Әсіресе, Алашорданың Орталық және Ақмола облыстық комитеттерінің бірлесе атқарған қызметтерін барынша терең қарастыру, Қызылжар қаласындағы іс-

әрекеттері, Оралдағы, Қостанай мен Торғайдағы, Жетісу өлкесіндегі, Ташкент, Омбы қалаларындағы байланыстарының өзіндік тарихы мен ерекшеліктерін айқындау арқылы Қазақстанның солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысы мен қайраткерлерінің іс-әрекетіне қатысты тың пікірлер айтылып, ғылыми тұжырымдалған.

Солтүстік Қазақстандағы Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі және рухани мұрасын зерделеу мақсатында *«Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысы мұрағат деректерінде»* мұрағаттық құжаттар және материалдар жинағы да әзірленген.



Жинақ «Мағжан Жұмабайдың рухани мұрасы», «Жұмағали Тілеулиннің қызметі және рухани мұрасы», «Көлбай Төгісов», «1918-1919 жж. Солтүстік Қазақстандағы Алаш зиялыларының

мақалаларынан», «Алаш бойынша қосымша құжаттар», «Алаш естелік» атты бөлімдерден тұрады.

Авторлар осы мәселелер төңірегіндегі бұрын айналымға енгізілмеген деректерді қарау арқылы еліміздің солтүстік өңіріндегі Алаш қозғалысының тарихын жан-жақты әрі терең қарастырып, объективті түрде баға беруді мақсат етіп қойған.

Ғылыми монография мен жинақта Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві, Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві, сондай-ақ Ресей Федерациясы архивтерінің қорларындағы Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі, қилы тағдыры, құнды мұралары және тергеу істері, сондай-ақ XX ғасырдың басындағы Кеңес үкіметінің орнауымен қабылданған заңнамалық құжаттар, Алашорда үкіметінің және қазақ зиялыларының тағдыры мен байлардың мал-мүлкін тәркілеуге қатысты құжаттар қарастырылған. «Жас азамат», «Бостандық туы» сияқты Алаш қайраткерлерінің тікелей атсалысуымен жарық көрген баспасөз материалдары да жинақты құрастыруға арқау болған.

Еліміздің солтүстік өңіріндегі Алашорданың тарихи процестердегі рөлі, тәуелсіздік үшін күресі жайлы тың деректер еңбектердің құндылығын арттыра түскен.

Ғылыми монография мен жинақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2022-2024 жылдарға арналған ШЖК АР14870568 «XX ғасыр басындағы Солтүстік Қазақстан: Алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі

және рухани мұрасы» гранттық жобасын іске асыру аясында дайындалған.

Қорыта айтқанда, Алаш қозғалысы Отан тарихының айшықты беттерінің бірі саналады. Азаттық пен еркіндік, өркениетті қоғамда өмір сүруге деген ұмтылыс, мемлекетті құру мен басқарудың жарқын үлгісін жасау, бақуатты да зайырлы қоғам орнату – Алаш қайраткерлерінің үнемі қаперінде болған баға жетпес құндылықтар.

Кеңестік жүйенің озбыр әрекеттерінен жазықсыз жапа шеккен Алаш арыстарын толық ақтау, олардың құнды мұраларын зерттеу – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы ретте, Алаш қозғалысына және қазақ ұлт зиялыларының өкілдеріне қатысты ғылыми пайымдаулар мен зерттеулер жүргізуде жоғарыда аталған еңбектердің маңызы өте зор және болашақта жаңаша көзқарастағы ғылыми еңбектердің жарық көруіне ықпалын тигізері сөзсіз.

Автор туралы мәлімет:

Абдукамалова Эльмира Серікбайқызы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ғылыми қызметкер, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана,

Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-3534-9080

Сведение об авторе:

Абдукамалова Эльмира Серикбаевна, кандидат филологических наук, доцент, научный сотрудник, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-3534-9080

Information about author:

Abdukamalova Elmira Serikbaevna, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, scientific adviser, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-3534-9080